

Түркістан облысы білім басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі жиналыс

### Хаттамасы №03

Абай ауылы

«29»қыркүйек 2023 жыл

Төрағасы: Ж.Абубакирова кадр бөлім меңгерушісі

Хатшысы: С.Оразимбетов оқу бөлім меңгерушісі

Қатысқандар саны – 13

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ құрамы – 5 адам

#### Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Түркістан облысы білім басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау туралы.

Төрағалық етуші Абубакирова Ж.А. жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы білім басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасында көрсетілген Мемлекеттік сатып алу бойынша кемшіліктер жіберілген маманға ауызша ескерту берілсін.

№13 колледж қызметінде, тауарларды жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң аясында мерзімінде және сапалы өткізуді қамтамасыз етіп, алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеу бойынша іс-шаралар қабылданын.

Мемлекеттік сатып алу Заңының 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа және Мемлекеттік сатып алу ережесіне сәйкес мемлекеттік сатып алу менеджері Қ.Мамытбековке бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттелсін. Қызметкерлердің арасында кеңінен талқылау және қызметкерлер қатысуында құқықтық оқулар, жиындар, түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізілсін.

Білім саласы қызметкерлерінің және ата-аналарының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын жетік меңгеру үшін, колледжге

оқытушылар мен ата-аналар арасында семинар, дөңгелек үстелдер, жиналыстар өткізуді жандандырылсын.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Абубакирова Ж.А. жиналысты қорытындылады

Жиналыс төрағасы: *Абубакирова Ж.А.* Абубакирова Ж.А.  
Хатшы: *Оразимбетов С.Е.* Оразимбетов С.Е.